

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ
НАУК РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН
Қазақстан Республикасының
педагогикалық университетінің
Абая

THE BULLETIN

THE NATIONAL ACADEMY OF
SCIENCES OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN
Abai Kazakh National Pedagogical
University

PUBLISHED SINCE 1944

6 (400)

NOVEMBER – DECEMBER 2022

ALMATY, NAS RK

БАС РЕДАКТОР:

ТҮЙМЕБАЕВ Жансейіт Қансейітұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан)

БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ:

БИЛЯЛОВ Дархан Нұрланұлы, PhD, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 2**

ҒАЛЫМ ХАТШЫ:

ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогикалық білімді дамыту орталығының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 2**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

САТЫБАЛДЫ Әзімхан Әбілқайырұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Экономика институтының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 5**

САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан), **Н = 6**

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Киево-Могилян академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина), **Н = 2**

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, К. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және менеджмент университетінің кәсіптік білім берудің педагогикасы және психологиясы кафедрасының меңгерушісі (Мәскеу, Ресей), **Н = 4**

СЕМБИЕВА Ләззат Мықтыбекқызы, экономика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 3**

АБИЛЬДИНА Салтанат Қуатқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті педагогика кафедрасының меңгерушісі (Қарағанды, Қазақстан), **Н = 3**

БУЛАТБАЕВА Күлжанат Нурымжанқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 2**

РЫЖАКОВ Михаил Викторович, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей білім академиясының академигі, «Білім берудегі стандарттар және мониторинг» журналының бас редакторы (Мәскеу, Ресей), **Н = 2**

ЕСІМЖАНОВА Сайра Рафихевна, экономика ғылымдарының докторы, Халықаралық бизнес университетінің профессоры, (Алматы, Қазақстан), **Н = 3**

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.). Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген

№ 16895-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған.*

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 300 дана.

Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2022
Типографияның мекен-жайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Мұратбаев көш., 75.

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

ТУЙМЕБАЕВ Жансент Кансеитович, доктор филологических наук, профессор, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

ЗАМЕСТИТЕЛЬ ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА:

БИЛЯЛОВ Дархан Нурланович, PhD, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального педагогического университета им. Абая (Алматы, Казахстан), **Н = 2**

УЧЕНЫЙ СЕКРЕТАРЬ:

АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, директор Центра развития педагогического образования КазНПУ им. Абая (Алматы, Казахстан), **Н = 2**

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

САТЫБАЛДИН Азимхан Абылкаирович, доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК, директор института Экономики (Алматы, Казахстан), **Н = 5**

САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович, доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан), **Н = 6**

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, доктор экономических наук, профессор, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина), **Н = 2**

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики и психологии профессионального образования Московского государственного университета технологий и управления имени К. Разумовского (Москва, Россия), **Н = 4**

СЕМБИЕВА Лязгат Мыктыбековна, доктор экономических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

АБИЛЬДИНА Салтанат Куатовна, доктор педагогических наук, профессор, заведующая кафедрой педагогики Карагандинского университета имени Е.А.Букетова (Караганда, Казахстан), **Н=3**

БУЛАТБАЕВА Кулжанат Нурымжановна, доктор педагогических наук, профессор, главный научный сотрудник Национальной академии образования имени Ы. Алтынсарина (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

РЫЖАКОВ Михаил Викторович, доктор педагогических наук, профессор, академик Российской академии образования, главный редактор журнала «Стандарты и мониторинг в образовании» (Москва, Россия), **Н=2**

ЕСИМЖАНОВА Сайра Рафихевна, доктор экономических наук, профессор Университета международного бизнеса (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Собственник: ООО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан № **16895-Ж**, выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: *посвящен исследованиям в области социальных наук.*

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 300 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2022

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75.

EDITOR IN CHIEF:

TUIMEBAYEV Zhansait Kanseitovich, Doctor of Philology, Professor, Honorary Member of NAS RK, Rector of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan).

DEPUTY CHIEF DIRECTOR:

BILYALOV Darkhan Nurlanovich, Ph.D, Honorary Member of NAS RK, Rector of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 2**

SCIENTIFIC SECRETARY:

ABYLKASSYMOVA Alma Esimbekovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Executive Secretary of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 2**

EDITORIAL BOARD:

SATYBALDIN Azimkhan Abilkairovich, Doctor of Economics, Professor, Academician of NAS RK, Director of the Institute of Economics (Almaty, Kazakhstan), **H = 5**

SAPARBAYEV Abdizhapar Dzhumanovich, Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology (Almaty, Kazakhstan) **H = 6**

LUKYANENKO Irina Grigor'evna, Doctor of Economics, Professor, Head of the Department of the National University "Kyiv-Mohyla Academy" (Kiev, Ukraine) **H = 2**

SHISHOV Sergey Evgen'evich, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy and Psychology of Professional Education of the Moscow State University of Technology and Management named after K. Razumovsky (Moscow, Russia), **H = 4**

SEMBIEVA Lyazzat Maktybekova, Doctor of Economic Science, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 3**

ABILDINA Saltanat Kuatovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy of Buketov Karaganda University (Karaganda, Kazakhstan), **H = 3**

BULATBAYEVA Kulzhanat Nurymzhanova, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Chief Researcher of the National Academy of Education named after Y. Altynsarin (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 2**

RYZHAKOV Mikhail Viktorovich, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, academician of the Russian Academy of Education, Editor-in-chief of the journal «Standards and monitoring in education» (Moscow, Russia), **H = 2**

YESSIMZHANOVA Saira Rafikhevna, Doctor of Economics, Professor at the University of International Business (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**.

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications

of the Republic of Kazakhstan **No. 16895-Ж**, issued on 12.02.2018.

Thematic focus: *it is dedicated to research in the field of social sciences.*

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 300 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2022

Address of printing house: ST «Aruna», 75, Muratbayev str, Almaty.

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Volume 6, 200-214

<https://doi.org/10.32014/2022.2518-1467.402>

**А.К. Шашаев^{1*}, А.А. Мақсұтова², Р.Ж. Мрзабаева¹, Г.С. Махарова³,
М. Бақытқызы⁴, Г.К. Шашаева³**

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,
Қазақстан, Алматы;

²М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті. Тараз, Қазақстан;

³Әл-Фараби Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан;

⁴Алматы қаласы ҚБ №57 жалпы білім беретін мектебі КММ,
Алматы, Қазақстан.

E-mail: ma.shashaeva@mail.ru

ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Аннотация. Мақалада XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басында қазақ ұлттық зиялы қауымның пайда болуымен ағартушылық қозғалыстың жанданғаны туралы талдау жасалынады. Бұл қозғалыстың идеологтары Ахмет Байтұрсынұлы, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, С. Сейфуллин және басқа да қазақ либералды-демократиялық зиялыларының көрнекті өкілдері болды. Халықтық білім берудің көптеген мәселелері А.Байтұрсынұлының еңбектерінде баяндалды және олар қазақ халқы үшін ана тілінің дамуына ұмтылушылықты, өмірлік мәнді дәстүрлерін сақталуын, сонымен қатар оның ағартушылығын көрсетті. Ана тілін тәрбиелеудің ең маңызды құралы ретінде қарастыра отырып, педагог-ұстаз оны дұрыс дамытуға, оның өзіндік ерекшеліктерін сақтауға көп мән береді. Өзінің еңбектерінде ол түпкілікті түрде материалдық қамтамасыз ету, бағдарламалар, оқулықтар, мамандар даярлау сияқты мәселелерді қарастырады.

Түйін сөздер. Байтұрсынұлы, Дулатов, Аймауытов, Жұмабаев, Сейфуллин, ағарту, педагогика, білім беру, оқулық, тіл.

**А.К. Шашаев^{1*}, А.А. МаксUTOва², Р.Ж. Мрзабаева¹, Г.С. Махарова³,
М. Бақытқызы⁴, Г.К. Шашаева³**

¹Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, Алматы, Казахстан;

²Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан;

³Казахский Национальный Университет им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан;

²КГУ общеобразовательная школа №57 ОО г. Алматы. Алматы, Казахстан.

E-mail: ma.shashaeva@mail.

ПРОСВЕТИТЕЛЬСКО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ

Аннотация. В статье анализируется возрождение просветительского движения с появлением Казахской национальной интеллигенции в конце XIX – начале XX века. Идеологами этого движения были Ахмед Байтурсынов, М. Дулатов, М. Жумабаев, Ж. Аймаутов, С. Сейфуллин и другие видные представители казахской либерально - демократической интеллигенции. Многие вопросы народного образования были освещены в трудах А. Байтурсынова и показали стремление к развитию родного языка для казахского народа, сохранение его жизненно важных традиций, а также его просвещение. Рассматривая родной язык как важнейшее средство воспитания, педагог-учитель уделяет большое внимание правильному его развитию, сохранению его самобытности. В своих работах он в окончательной форме рассматривает такие вопросы, как материальное обеспечение, программы, учебники, подготовка специалистов.

Ключевые слова. Байтурсынов, Дулатов, Жумабаев, Аймаутов, Сейфуллин, просвещение, педагогика, образование, учебник, язык.

**A.K. Shashaev^{1*}, A.A. Maksutova², R.Zh. Mirzabekova¹, G.S. Makharova³, M.
Bakhytkyzy⁴, G.K. Shashayeva³**

¹Institutes of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov,
Almaty, Kazakhstan;

²Taraz regional university named after M.H. Dulati, Taraz, Kazakhstan;

³Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan;

⁴KSU secondary school No.57 OO Almaty, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: ma.shashaeva@mail.ru

EDUCATIONAL AND PEDAGOGICAL ACTIVITY OF THE KAZAKH INTELLIGENTSIA

Abstract. The article analyzes the revival of the enlightenment movement with the emergence of the Kazakh national intelligentsia in the late XIX – early XX

century. The ideologists of this movement were Akhmet Baitursynov, M. Dulatov, M. Zhumabayev, J. Aimaurov, S. Seifullin and other prominent representatives of the Kazakh liberal democratic intelligentsia. Many issues of public education were covered in the works of A. Baitursynov and showed the desire to develop the native language for the Kazakh people, the preservation of its vital traditions, as well as its enlightenment. Considering the native language as the most important means of education, the teacher-teacher pays great attention to its proper development, preservation of its identity. In his works, he finally considers such issues as material support, programs, textbooks, and training of specialists.

Key words. Baitursynov, Dulatov, Zhumabaev, Aimaurov, Seifullin, enlightenment, pedagogy, education, textbook, language.

Кіріспе. Қазақстанды Ресейдің экономикасы мен мәдени ықпал ету аймағына қосудың барысында, патша үкіметіне өзінің саясатын кеңінен таратушы насихатшыларды қажет етті. Мұндай таратушылар самодержавиенің осы мәселедегі тірегі болып табылған татар мырзалары мен мұсылман дін иелері бола алды. Саяси мақсаттарды нәтижелі жүргізу үшін үкімет жергілікті халықты өзінің жағына тарту бойынша іс-шараларды жүзеге асырды. Патша үкіметі алдына қойған міндеттерді іске асыру үшін мұсылмандарды православиелік дінді қабылдаған халықтарға айналдыру мақсатын шешуге тиісті болды. Бірақ та, алға қойған жоспарларды іске асыруға ұмтылыс барысында жергілікті халықтың менталитетінің ерекшеліктері ескерілмегендіктен бұл миссионерлік жоспар іске аспады. Патша үкіметінің оларды христиандықты қабылдауға мәжбүрлегеннен гөрі, исламды қолдау пайдалырақ екеніне көзі жете бастады. Сонымен қатар, тілдік тосқауыл отарлау саясатын жүргізу үшін үлкен кедергі болып табылды. Қазақстанның жергілікті халқына түсінікті және қолайлы болып табылған татар тілі патша үкіметінің шығыс шеткері аймақтағы әкімшілік іс – шараларын жүргізудің бір ғана қайнар көзі болып табылды. Қазақ зиялыларының осы кезеңдегі және Кеңес үкіметі орнағаннан кейінгі тәуелсіздік үшін күрестің келесі тәсіліне, яғни ағарту, білім беру, сауатсыздықпен күрес және де басқа кезек күттірмейтін мәселелерге ерекше ден қойуы түсінікті жағдай еді. Мектептер ашу, олардың бағдарламаларын жасау, оқулықтармен және сауатты мұғалім кадрлармен қамтамасыз ету, кітапханалар, кәсіби және орта білім, жоғарғы оқу орындарын ашу күн тәртібіндегі мәселе болды. Өз мақаламызда көлемі шектеулі болғандықтан А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, С. Сейфуллин секілді тұлғалардың негізгі қызметінің кейбір қырларына ғана тоқталамыз.

Материалдар мен әдістер. Бас редакторы Ахмет Байтұрсынұлы болған «Қазақ» газетін маңызды дереккөзі ретінде қарауға болады. Оның беттерінде қазақтарды сауаттылық пен ағартушылыққа шақырған үндеулер әрдайым тұрақты түрде жарияланып тұрды. Қазақстанның тәуелсіздігі кезеңіндегі «Саясат», «Мысль» және т.б. журналдарда, мерзімдік басылымдарда жарияланған мақалалар да маңызды болып табылады. Авторлар өздерінің

жазған жұмыстарын кең көлемді деректік материалдарға негіздейді. Т.Т. Тажибаев (Тажибаев, 1965:120), А.И. Сембаев, Г.М. Храпченков (Сембаев, т.б., 1972:189) және басқалардың жазған еңбектері ХІХ ғасырдың соңындағы – ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының қызметіне арналған. Қ.Жұмағұлов Ыбырай Алтынсарин туралы жазған жұмысында үлкен деректік материалды негізге ала отырып, оның өмірінің ең маңызды сәттері мен ұлы қазақ педагог – ағартушысының қызметіне зор мән берді (Джумагулов, 1975:157). Зерттеудің әдістемелік базасы тарих ғылымының негізгі қағидалары: объективтілік, ғылымилық және жан - жақтылық болып табылады. Тарихилық қағидасы нақтылы тарихи міндетті шешу үшін қажетті деректердің неғұрлым толық жиынтығын ашып көрсетуді және талдауды талап етеді.

Ахмет Байтұрсынұлы – ірі лингвист ғалым, әдебиеттанушы, дарынды ақын әрі аудармашы, мәдениет қайраткері, көрнекті педагог-ағартушы, қоғамдық ірі тұлға, Ахмет Байтұрсынұлы білім беру мен тәрбие мәселесімен айналысты. А. Байтұрсынұлы мектеп пен тәрбиенің негізгі мақсатын қазақ халқының рухани-адамгершілік дәстүрінің, әдебиеті мен тілінің, әдет-ғұрпы мен мәдениетінің сақталуынан көрді. Оның ойынша бұлар мектеп білімімен тәрбиенің негізгі іргетасын қалауы тиіс болды. Ахмет Байтұрсынұлы өз халқының тарихи болашағына, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының келешегіне, өз халқының рухани-шығармашылық күш-қуатына нық сеніммен қарады.

Өзінің ағартушылық еңбектерінде А. Байтұрсынұлы ана тілінің дамуы, оның тазалығын сақтау, оны ұлттық мектептерге жаппай енгізу қажеттігі туралы көп ой айтылады. Көрнекті педагог-ағартушы ауыл мектептерінен бастап университеттерге дейінгі ана тілінде оқытатын ұлттық мектептер жүйесін құруды ұсынды. Ана тілін тұлғаның сезім-қасиеттерін дамытып, тәрбиелеу құралы ретінде мәдени-рухани мұралармен қатар санады. Тек ана тілін жетік зерттегеннің соң ғана орыс тілін меңгеруге кірісуді ұсынды. Қазақтардың сауаттылық жағдайын сараптай келе ол ана тілінде оқып, тәриелеудің көптеген кемістіктері бар деп жазады. Сонымен бірге А. Байтұрсынұлы бәрі орысша сауат ашуға мүмкіндік алуы тиіс деп атап көрсетеді. Ана тілінің тазалығы үшін күресе отырып, көрнекті педагог-ағартушы былай деп жазды: «осындай шырмауға жол бермеу үшін әрбір баланы ең алдымен ана тілінде оқыту керек. Ол әбден қазақ тілінің барлық ережелерін үйренгеннен кейін ғана өзге тілді үйретуді бастау керек. Егер біз өз тілімізді негізсіз қоспалардан сақтағымыз келсе, осы қағиданы ұстағанымыз жөн» (Байтұрсынұлы, 1991).

Осылайша, ана тілін тәрбиелеудің ең маңызды құралы ретінде қарастыра отырып, педагог-ұстаз оны дұрыс дамытуға, оның өзіндік ерекшеліктерін сақтауға көп мән береді. Сонымен бірге ол өзге елдердің тілін, соның ішінде орыс тілін меңгерудің мәнін жоққа шығармады, керісінше, оны үйренуге шақырды. Ол білім беруде қазақ әдебиеті, музыкасы, ән-жыр шығармашылығы, фольклорға аса мән берді. Ауызша және музыкалық дәстүрлер балалар мен жастарды халықтың ән-күй шығармашылығымен таныстырудың түрі тәрбиелеудің әдісі ретінде балалардың шындыққа деген сана-сезімінің

калыптасуына өте күшті әрі нәтижелі әсер етеді деп санады. А. Байтұрсынұлы партия органдары, кеңес мекемелерінің қазақ ұлттық мәдениетін, тілін, рухани-адамгершілік дәстүрін шектеуі зиян деп санады. Ол бұны патша үкіметінің отаршылдық-орыстандыру әрекетімен салыстырды (Байтұрсынұлы, 1924:17).

Дәл осындай ұлттық мүдделерді белінен басып, елемеу, тепе-теңдіктің бұзылуы әлеуметтік-мәдени құрылыстағы ұлттың рөлінің жоққа шығарылуы оның билікке қарсы сыни көзқарасын, қарсылығын туғызды. Баланың тұлға болып қалыптасуында этномәдениет, этнодәстүр мен халықтың әдет-ғұрпының орны ерекше деп дұрыс көрсетті. А.Байтұрсынұлытың есімі кеңес кезеңінде кітап шығарғанымен ғана байланыстырылды. Ондағы барлық лингвистикалық терминология ана тілінде жасалып, оның бастамасымен және жетекшілігімен басылып шыққан еді. Ең алғашқы қазақ әліппесі «Оқу құралы» шықты (Орынбор, 1912 ж.). Одан кейін 1915 жылы қазақ тілінде жаңа оқу құралы «Тіл құралы» жарық көрді. А. Байтұрсынұлы қызметінің тарихи мәні мынада: ол ұлттық жазу жүйесін құрды, қазақ рухани мәдениетін зерттеумен айналысты. Ұлы ағартушының шығармашылығында 1928 жылы жарық көрген «Теория словесности» атты еңбегі үлкен орын алды. Ол жинақта халық ауыз әдебиетінің үлгілері мен қазақ жазба әдебиеті өкілдерінің кейбір шығармалары жинақталды. А. Байтұрсынұлы педагогика ғылымының негізі қалауының басында тұрды. Оның педагогикалық идеялары «Білім туралы», «Қазақша үйрету туралы», «Мектеп қажеттілігі», «Бастауыш мектеп» және т.б. еңбектерінде бейнеленді. Бұл жұмыстарда автор сол кезеңдегі мектептердің көптеген мәселелерін, атап айтқанда әлсіз материалдық база, бағдарламалардың, қазақ тіліндегі оқулықтардың, маманданған мұғалімдердің болмауын көрсеткен.

Осылайша, А.Байтұрсынұлы тарихқа жан-жақты дарынды тұлға ретінде танылды: ұлттық жазу жүйесінің жасаушысы, қазақ тіліндегі алғашқы мектеп оқулықтарының авторы, публицист халықтың білім беру мен тәрбиелеудің алуан түрлі мәселелерін қарастырды. А.Байтұрсынұлы өскелең ұрпақты оқытып, тәрбиелеу табысты болуы үшін ұстаз рухани бай, білімді, педагогикалық шебер дайындалуы тиіс деп санады. «Ұстаз – мектептің жаны. Ұстаз қандай болса, мектеп те сондай, яғни оқушылардың білім сапасы, ұстаздың дайындығына, оқыту тәсілдерін меңгергендігіне байланысты» - деп жазды А. Байтұрсынұлы (Байтұрсынұлы, 1914:4).

Ұстаздарға аса жоғары талап қоя отырып, ағартушы-педагог тәлімгерлердің оқушыларға оқуға қызығушылығын ояту, өзіндік жұмыстар мен шығармашылығын дамытуды міндет етті. Тәрбие мен білім беру мәселелерін қарастырған А. Байтұрсынұлы оның негізінде халықтың мәдени мұрасын, ұлттық салт-дәстүрлер жатқанын атап көрсетті. Тәрбиелеумен дамытудың ең негізгі құралы, ол халықтың тарихы мен жанын бейнелейтін ана тілі болды. Қазақ әдебиетіне, ән шығармашылығына, фольклорға үлкен мән берді. Жаңа мектеп қалыптастыру барысында ол ұстаздарға, олардың педагогикалық шеберлігіне жоғары талаптар қойды.

М. Дулатов., А. Байтұрсынұлының оқыту мен тәрбиелеу теориясын

дамыту, жаппай ұлттық мектептерді қалыптастыру туралы алдыңғы қатарлы көзқарастарын дарынды журналист, жазушы, ақын, ағартушы, қоғамдық қайраткер және педагог М. Дулатов та (1885-1935 жж.) қолданды. Оның көп қырлы дарыны әр түрлі саладан көрінді: білім беру, ғылым, мәдениет. Ол нақты бір мамандықтың өкілі ғана емес еді, қоғамдық өмірдің барлық саласына белсене араласты. М. Дулатовтың ақындық шығармашылығы халық санасын оятуға, білім алуға, ағартушылыққа талпынысын күшейтуге, ұлттық ауызбірлікке шақыруға бағытталды. Олар «Оян қазақ», «Насихатумумия», «Алаштың азаматымын» атты шығармаларында кездеседі.

Педагог-ғалым ағартушы салада арнайы даму бағытын ұстану керек, яғни оқушыларды өзіндік шығармашылық қызметке араластыру керек, олардың жадын шындап, өз көзқарасын, ұстанымын анықтауына көмектесу керек деп санады. Сонымен бірге М. Дулатов оқыту мен тәрбиелеу баланың ұлттық ерекшелігіне сәйкес келуі тиіс екенін атап көрсетеді. Сондықтан ана тілін, арифметиканы, еңбек, ән-күй және басқа сабақтарды қазақ мектептерінде оқытудың өзіндік психологиялық және методологиялық ерекшеліктері болуы керек деп атап көрсеткен. Көрнекті педагогтың осы және өзге сабақтарды оқыту кезінде халықтың педагогиканың барлық әдіс тәсілдерін, фольклорлық шығармалардан мысалдар пайдалануды ұсынуы кездейсоқ емес. Мұғалімдерді мақал-мәтелдерге, ертегі, жұмбақ-жаңылтпаштар, ән-күй мен қолданбалы өнерге, халықтың салт-дәстүрлеріне мән беруге шақыру өскелең ұрпақтың өз халқының мәдени мұрасына неғұрлым тереңдеп енуіне әсерін тигізді. М. Дулатов халықтық мектептерді қолдады. Ол балаларға ана тілін үйретудің міндеттілігін баса көрсетті. Ұстаз-ғалым: «Ана тілінің материалдары ұлттық рухын, оның дәстүрі мен тұрмыс салтын, мәдениетін бейнелеуі керек» деді. Сондықтан қазақ мектебі алдына оқушыларға тек білім беріп қана қоймай, оларды халықтық педагогика рухында тәрбиелеу мақсатын қоюы міндеттелді (Тойкенов, 1990:34).

Ана тілінің тәрбиелік және оқытушылық мәнін көрсете отырып ғалым-педагог рухани тәрбиелеудің мазмұны оқушыға таныс қоршаған ортамен, тұрмыспен тығыз байланысты, баланың ұлттық психологиясы мен табиғатын ескеруі тиіс деп санады. М. Дулатов өскелең ұрпақты эстетикалық тәрбиелеу мәселесі бойынша көптеген құнды идеялар қалдырып кетті. Соның ішінде ол баланы тұлға ретінде қалыптастыруда халық өнері арқылы тәрбиелеуге аса мән берді, жастарды өнердің көп түрін үйренуге, «сегіз қырлы, бір сырлы» болуға шақырды. Осылайша, М. Дулатов өзінің педагогикалық қызметінде халықты жаппай ағартушылыққа, ұлттық мәдениет пен руханиятты дамытуға шақырды. Ол тұлғаның шығармашылық белсенділігін, дербестігін қалыптастыру мәселелерін зерттеді. Ғалым-педагог әсіресе болашақта ел тізгінін ұстайтын жас ұрпақтың тәрбиесіне аса мән берді. Рухани тәрбиенің іргетасы қазақ халқының мәдени мұрасы деп санады ол.

Ж. Аймауытов өзінің ұстанымын педагогикалық тұжырымдамасында баланың шығармашылық қабілетіне, өзіндік ой-пікірі қалыптасуына, белсенділігіне

ерекше көңіл бөлді. Рухани тәрбиелеу мәселелеріне өзіндік көзқарасын білдірген атакты психолог-педагог Жүсіпбек Аймауытов (1889-1931) туралы көп мәліметтер бар. Ж. Аймауытовтың өмірлік жолы – бұл жаңаша дүниені іздеуге бағытталған педагог-жаңашылдың жолы. Өзгеше шығармашылық ойлаушы педагог Ж. Аймауытов мындаған ғылыми басылымдардың, көркем әдебиеттер мен оқулықтардың, педагогика бойынша оқу құралдарының авторы болды. Ж. Аймауытовтың ғылыми-көркем шығармашылығының қайталанбас ерекшеліктеріне логика мен жазу стилінің өзгешілігі, сөзінің өткірлігі, сезім мен ойды жеткізудегі дәлдігі, көркем жазудағы айқындығы, ұлттық нақышқа бай көріністері жатады. Тәрбиелеудің мақсаты мен міндеттерін тарихилық тұрғыдан жан-жақты, терең зерттеген Жүсіпбек Аймауытов тәрбиелеудің мақсаты «өзгеше көмек көрсетуге дайын тұратын, айналасындағы адамдарға зиян келтірмейтін, өзгелермен бір атадан туған ұлдардай өмір сүретін еркін адамды қалыптастыру» деп санады (Аймауытов, 1926:25).

Өскелен ұрпақты тәрбиелеуде мектептің орны ерекше. Оның жазбаларында «білім берудің түпкілікті міндеті ол мектеп бітірушілерін қоршаған ортаны өзінше пайымдап, түсіне алу, оның қабылдаған білімін өмір тәжірибесінде де қолдана алуға дайындау», - деді (Аймауытов, 1924:26). Тәрбиелеу саласында мектеп жан-жақты дамуды: қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасының негізіне эстетикалық, рухани-адамгершілік және еңбекқорлықты қамтамасыз етуі керек. Қазақтың байлығы оның жеріндегі пайдалы қазбасында ғана емес, сонымен қатар оның топырағында, қазақтың ішкі әлемінде деп санады. Олар: ән, әдебиет пен ана тілі. Жастардың рухани тәрбиесінде өнердің орнын ерекше санаған педагог-ғалым оны әсірелей бейнеледі, яғни өнерге көзқарасты, діндардың құлшылыққа көзқарасымен салыстырды. Ж. Аймауытов жастардың таныс емес еуропа мәдениетіне өтіп жатқанына талай сын айтты. Осы жерде ғалым-педагог: оқуға – ешқашан кеш болмайды. Кеш болса да оқу керек. Кез-келген ұлтта ең күрделі мәселе – ол мәдениет пен әдебиеттегі мәселелер болып саналады. Сондықтан мәдениеттің күрделі буындарының бірі саналатын музыка жайлы әңгіме де күрделі. Сол үшін әрбір қазақтың борышы-музыка мен ән өнеріндегі жаңа бағыттарға дұрыс көңіл бөлуі керек, - деген еді (Аймауытов, 1993:2).

Педагог әрі ғалым еуропалық түсінікте қазақтар сауатсыз бала тұра, сезімнің байлығымен ерекшеленетін, сол «нәзік қимылының» айқын көрінісін олар музыка арқылы білдіре алады, «... қазақтар материалдық мәдениет тұрғысынан артта болса да, ойлау, қиял, сезім, яғни рухани мәдениеті жағынан ешкімнен кем түспейді», - деді ол (Аймауытов, 1993:5).

Тәрбиелеудің маңызды құралы деп Ж. Аймауытов мектеп бөлімінде бірінші орынға қойылатын ана тілін атап өткен. Оның ойынша, ана тілі тәрбиелеу негізі, үйлесімді дамыған тұлғаның қалыптасуының іргетасы. Қазіргі заманда Ж.Аймауытовтың білім беру жүйесі мен бастауыш мектеп бағдарламалары мен мазмұнын оларды жергілікті жағдайларға жақындатып, туған өлкемен айнала табиғатты зерттеуге арналған бағытқа өзгеру керектігі туралы ойлары

өзекті болып отыр. Осы арқылы ол білімді ғана емес, өз халқына деген сүйіспеншілігін, мәдениетіне, тіліне көзқарасын өзгертеді делінген. Сонымен қатар ағартушы-ғалым әлемдік мәдениет пен ғылымның мәнін төмендету немесе оны елемей қоюға болмайды деді. Ж. Аймауытовтың педагогикалық-психологиялық жүйесінің негізінде баланың тұлғасы жатты. Ол осы мәселеге жан-жақты, терең мән берді. Тәрбиелеудің мақсатына баланың ішкі дүниесін, оның дамуы мен әрекет-қимылдарын зертеуді жатқызды. Ж. Аймауытов ағылшын философы әрі педагогы Джон Локктың «жаңа туылған баланың басы – таза тақта, оған өмір өз оюларын - білімін бейнелейді», - деген танымал ойына әрбір бала өзіне жеке көңіл бөлуді талап етеді деп өз пікірін қосты.

Қоғам мен тұлғаның бір-біріне сәйкес дамуының маңыздылығын атап көрсеткен ол осы мәселенің шешімі адам өз орнын табуына уақыт табуы үшін қоғам оның қабілетін дұрыс есетпеуіне тәуелді деп көрсетті. Осылайша, көрнекті педагог баланың жеке тұлғасына, оның шығармашылық қабілетіне көп көңіл бөле отырып, әрқайсысының жас ерекшелігіне қарай ықпал ету керектігін атап көрсетті. Өскелең ұрпақтың қалыптасуына мұғалімнің әрекеті ықпал етеді деді. Ұстазға жоғары талап қойған, Ж. Аймауытов тәрбиелеу мен білім беруде ұстаз өз білімін жетілдіріп, ылғи әдіс-тәсілдерін дамытып отыруы керек, ол үшін көп оқу керек деді. 1918 жылы «Абай» журналындағы «Тәрбие» мақаласында ол Абайдың адам өзін-өзі әрқашан жетілдіру мүмкіндіктері жайлы айтқандарына сүйене отырып, оларды дәрігер мен педагогтың қызметтерімен салыстырды. Егер де істің мән-жайын үніліп қарасаңыз, тәрбиелеушінің еңбегі дәрігердің жұмысынан маңыздырақ деуге болады. Дәрігер емдейді, ал тәрбиелеуші Отанның негізі – интеллекті, рухты, мінез-құлықты, қабілетті дамытады. Олай болса, тәрбиеленушінің қолында Отанның болашағы, шоғарланған.

Осылайша, көп қырлы дарын мен таусылмас күш-жігердің иесі Ж. Аймауытов рухани тәрбиелеу теориясына үлкен үлес қосты. Қазіргі уақыттағы өзекті мәселелерді сол кезде көрнекті педагог айқындалып қойды: тәрбиелеу үрдісіне кешенді көңіл бөлу, эстетикалық, адамгершілік, еңбек физикалық тәрбиенің біртұтастығын, тәрбие-халықтың мәдени мұрасына негізделуі, әсіресе музыка, ән, әдебиеттің, өнердің баланың тұлға ретінде қалыптасуына эстетикалық әсер етуі, білім беру мен тәрбиелеудегі ана тілінің алатын орнын, көптеген оқыту-тәрбиелеу мәселелерінің шешімін табудағы ұстаздың рөлі туралы айтты.

Мағжан Жұмабаев. Қарастырылып отырған кезеңде рухани тәрбиелеу теориясына шолу жасау атақты жазушы, ағартушы-педагог Мағжан Жұмабаевтың (1893-1938) педагогтық көзқарастарын зерттеу мен талдауысыз толымсыз болар еді. Ол педагогикалық ғылымдардың басында тұрды, педагогика бойынша алғашқы оқулықтың, көптеген газет пен журналдардағы мақалалары «Мектептегі оқыту әдістері» (1925), «Сауат ашу» (1926) т.б. арқылы қазақ этнопедагогикасының негізін салды.

Ғалым-педагогтың алғашқы теориялық жұмысы «Педагогика» 1922 ж. Орынборда басылып шықты, ол өте табысты болып, кеңінен қолдау тапты,

сондай-ақ кітап қажетіне сай, өз уақытында шықты. Кітап авторы тәрбиелеу үрдісін ұғынудың кең және тар мағынасын ашады, тәрбиелеу үрдісінің құрылымын көрсетеді, педагогика пәні, оның негізгі категорияларын қалыптастырады. Автордың ұсыныстары, педагогтық қорытындылар мен қағидалар, қазақ халқының үздік дәстүрлері, салты, тұрмысы және поэзиясымен біріктіріледі. Зерттеудің ерекшелігі, ол – тұлғаның рухани қалыптасуын қамтамасыз ететін «психологияның» педагогикаға ажырамас бөлігі ретінде енуі. Тәрбиелеудің мақсаты мен міндеттерін М. Жұмабаев қоғамның талаптары мен сұраныстарымен байланыстырады: «тәрбиелеудің міндеті ол өзіңе ұқсатып тәрбиелеу емес, керісінше, тәрбиелеуші болашақтың талабына сай болуы керек». Білім беру мен тәрбиелеу үрдісінің түпкі мақсаты үйлесімді дамыған (ойлау, физикалық, адамгершілік, эстетикалық) тұлғаны және адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптастыру болып саналуы керек.

Көрнекті ағартушы-педагог тәрбиелеу мәселесі бойынша көптеген құнды идеялар қалдырды. Осыған байланысты тәрбиелеу барысында ол оқушылардың бойынан нәзік сезімді дамыту, терең сезімдерді ояту міндеттерін маңызды деп көрсетеді. М. Жұмабаевтың педагогикалық жүйесінің маңызды құрамдарының бірі – ол табиғатпен сырласу. Педагог оны баланың рухани тәрбиесіндегі ең қажетті құрал ретінде құрастырды. Баланы жас бұтақпен салыстыра отырып, онымен табиғатына сәйкес көңіл бөлу керектігін айтты; оқушы ағып жатқан бұлақтың арнасынан асып жатқан өзеннің, жапырақтардың сыбдырын, орманның шуын, сансыз көп жұлдызды көк аспанды, алуан түсті кемпіркосақты, жас қайыңды жан-жүрегімен сезінуі керек. Себебі баланың өзі табиғат аясында туып өскен оның бір бөлшегі. М. Жұмабаев баланың көңілін табиғаттың әсемдігіне ғана бөлмей сонымен қатар олар өнер туындыларынан ләззат табуы керек деді. «Архитектура, бейнелеу өнері, мүсін өнері алдымен көзге көрінеді, ал кейіннен жан дүниенде эстетикалық ләззаттың толқынын сезінесің. Ән, музыка мен поэзияны алдымен естисің, кейіннен жүрегінде керемет сезім пайда болады» (Жұмабаев, 1992:82).

Өнер, педагогтың ойынша, тәрбиелеудегі таптырмас құрал, тәрбиелеу үрдісінде баланың бойында өнер туындыларын қабылдау мен түсінуімен қатар, шығармашылыққа деген қажеттілікті тәрбиелеу керек.

Осылайша, М. Жұмабаевтың терең ойы бойынша, ағартушылық халық құндылықтарын пайдалану қабілетімен қаруланып, тұлғаны қалыптастыруға тиіс. Тұлғаны тәрбиелеу арқылы адами көзқарас, тұлғаның адамгершілік идеясын қалыптастырады, бұл әсіресе мәдениеттің құлдырауы мен рухани кедейлікке ұшыраған қазіргі уақытта маңыздылығы артып отыр. М. Жұмабаев өзінің педагогикалық жүйесінде атақты педагог Ушинский сияқты баланың тәрбиесінде ана тіліне, үйлесімді дамыған тұлғаны ана тілінің сан қырлы сарқырамас мүмкіндіктерін аша отырып қалыптастыруға көп көңіл бөлді. Педагог-ғалым: «Қазақ тілінде бірде тыныш, желсіз түн, бірде боранды сар дала, бір жерден екінші жерге ұзақ уақыттық көшу, халықтың баяу да, тұнық мінезі бейнеленген. Дала қаншалықты кең болса, қазақ тілі де соншалықты

бай әрі кең», - деп тебіреніп жазған (Жұмабаев, 1923:11). М. Жұмабаев тілде халықтың тұрмысы, салт-дәстүрі, мәдениеті, рухани-адамгершілік құндылықтары, табиғи ортасы бейнеленеді дейді. Тілді меңгеру- ол ұлтты өзге ұлттан ерекшелендіретін қайталанбас өзгешелігін, ұлттық рухты игеру. Өскелең ұрпақтың қалыптасуында ана тілінің маңыздылығын түсінген М. Жұмабаев оның оқушыларға рухани-адамгершілік дамытушы әсері бар екенін айтады. Атақты педагог жас аналарға балалары туылғаннан бастап, ана тіліндегі өлеңдерді сәбиінің құлағына құю туралы, яғни оған бесік жырын айту, домбырамен күй тартып беру, жанды тебіренетін аңыз-әңгімелер айтып беруіне кеңес берді. Ақын өзінің отансүйгіштік сипаттағы бесік жырының мәтінін келтіреді: онда жас ана өзінің баласы қайратты, жігерлі жігіт болып өскенін қалайды. М. Жұмабаев ауыз әдебиетінің оқытушысы бола отырып, қазақ тілінің терминографиясы мен орфографиясының көптеген мәселелерін шешуге атсалысты. 1923 ж. педагог-ғалым «Бастауыш мектептегі ана тілі» оқу құралына әдістемелік жетекшілік етті.

